

**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ  
ӘЛПБИІ ТУРАЛЫ**  
**Алтынбек Шәрпібай,**  
**т.ғ.д., профессор, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты**

**Қолданатын негізгі ұғымдар мен таңбалау:**

**Фонема** – сөз мағыналарын түрлендіре алатын және әліпбиде жеке таңбаланатын ең кіші фонетикалық бірлік.

**Аллофон** – сөз мағыналарын түрлендірмейтін және әліпбиде өзіне үндес фонеманың таңбасымен таңбаланатын ең кіші фонетикалық бірлік.

**Диграф** – дыбысты таңбалайтын екі таңба тіркесі, ол әліпби элементі емес, орфографиялық ереже болады және бөлінбей тек бір буында жазылады (мысалы, Ae, Oe, Ue, Sh, Ch).

**Диакритика** – әрпітердің үстіне немесе астына әртүрлі белгілер қосу арқылы үндес дыбыстарды белгілеу (мысалы, Á, À, Â, Ä, Ñ, Ñ̄, Ñ̈, Ś, Ś̄, Ṥ, Ś̈).

**Орфография** – сөздерді жазу емшелерінің жүйесі.

Қазақ тілінің әліпбиін латын графикасына көшірудің 1-ші жобасы 11.09.2017 күні, 2-ші жобасы 26.10.2017 күні жарияланды. Осы жобалардағы қателер мен қайшылықтардан қалай айырылуға болатындығы туралы хат пен мақаламды ҚР Президентіне, ҚР Республикасының Сенатының төрағасына, ҚР Мәжілісінің төрағасына, ҚР Премьер-Министріне, ҚР Білім және ғылым министріне, ҚР Мәдениет және спорт министріне, «Нұр Отан» партиясына 05.12. 2017 күні жолдағанмын: [http://www.e-zerde.kz/latin/Papers/Latin\\_kaz.pdf](http://www.e-zerde.kz/latin/Papers/Latin_kaz.pdf), [http://www.e-zerde.kz/latin/Papers/Latin\\_rus.pdf](http://www.e-zerde.kz/latin/Papers/Latin_rus.pdf).

Төменде 20.02.2018 күні мынадай 3-ші жоба жарияланды.

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ń ń	[ɲ]
2	Ǻ ǻ	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[o]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[s]
8	Ǵ ǵ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[ʉ]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[y]
11	ı ı	[ɨ], [ɨ̞]	27	V v	[v]
12	J j	[ʒ]	28	Y y	[ɨ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

Бұл жобада қазақ тілінің 32 фонемасы және 2 аллофоны 23 латын әрпімен, 6 диакритикалық (компьютердің стандартты пернетақтасында жоқ) таңбамен және 2 диграфпен таңбаланған. Мұнда латынның 3 әрпі *Cc*, *Ww*,

**Хх** қолданылмай қалған. Бұл жобада да қателер мен қайшылықтар бар. Оларды көрсету үшін дөңгелек жақшаның ішіне қазақ тіліндегі дыбыстың атауын, ал тік жақшаның ішіне оның халықаралық әліпбидегі таңбасын жазайық, сонда:

1. Әліпбидегі **І і** [и], [й] жазбасы, дауысты (**и**) - [i] фонемасының аллофоны дауыссыз (**й**) - [j] фонемасы деген болады. Бұл қате, себебі:

1) дауысты фонеманың аллофоны ретінде сөз мағыналарын өзгертпейтін дауысты дыбыс ғана болады;

2) базалық (26 әріптік) латын әліпбиінде теріс диакритикалық кіші **і** таңба жоқ, ал оның үлкен таңбасы **І** қазақтың дауысты (*i*) дыбысын белгілейтін әріппен бірдей, сондықтан кейбір сөздер дұрыс және бір мәнді жазылмайды. Мысалы қазақтың төл сөздері: «*билік* - *БИЛІК* = *bilik* - *BILIK*», «*КИИК* = *kikik*», «*tuin* - *ТИИН* = *tin* - *TIIN*» және ғылыми терминдер: «дендарий = *dendarii*», «кадмий = *kadmii*», «литий = *litii*», «осмий = *osmii*», «цезий = *cezii*».

2. Әліпбидегі **Ў ў** [у] жазбасы, орыс тілінен кірген дауысты (**у**) – [u] фонемасы латынның **Уу** әрпімен таңбаланған қазақ тілінің дауысты (**ы**) - [ɯ] фонемасымен үндес емес. Бұл қате, себебі (**ы**) езулік, ал (**у**) еріндік дыбыс.

3. Қазіргі қолданыстағы әліпбиде **Ии** және **Уу** әрпілермен сәйкес таңбаланған орыс тілінен енген дауысты (**и**) және (**у**) дыбыстары қазақ тілінің төл сөздерінде орфографиясында қайшылықтар тудырды. Мысалы, қазіргі қазақ жазуында «**у**» және «**у**» дыбыстарына аяқталатын «*би* - [bi]», «*ми* - [mi]», «*бу* - [bu]», «*гу* - [gu]», «*жаллау* - [ʒalau]», «*тау*- [tau]» сияқты сөздердің тәуелдік жалғауларының үшінші жағында «*би+i*», «*ми+i*», «*бу+ы*», «*гу+i*», «*жаллау+ы*», «*тау+ы*» болады. Бұлар “Қазақ тілінде тәуелдік жалғауларының үшінші жағында дауыссызбен аяқталатын сөздерге «ы» немесе «і» жалғауы, ал дауыстыға аяқталатын сөздерге «сы» немесе «сі» жалғауы жалғанады” деген морфологиялық ережеге қайшы келеді. Егер (**и**) және (**у**) дыбысын дауыссыз деп есептесек, онда «*би*», «*ми*», «*бу*», «*гу*» деген сөздерде бір де буын болмайды. Бұдан орфографиялық емле немесе тәуелділік жалғау туралы морфологиялық ереже жұмыс істемейді деген шығады. Әрине ереженің бірде жұмыс істеп, ал бірде жұмыс істемеуі дұрыс емес.

4. Диграф **Sh sh** кирилл жазуындағы сөздің құрамында (**сы**) - [s] және (**хы**) - [h] дыбыстары қатар кездесе, дұрыс жазылмайды, мысалы, «*асхана* = *ashana* (ашана)», «*Асхат* = *Ashat* (Ашат)», «*Жеңісхан* = *Jenishan* (Жеңішан)», «*Күмісхан* = *Kumishan* (Күмішан)», «*Шыңғысхан* = *Shygyishan* (Шыңғышан).

Жалпы қазақ тілінің әліпбиін құрғанда **орфографиялық** және **морфологиялық қайшылықтар тудыратын** ешбір қателер болмауы керек. Бұл әліпбиге қойылатын басқа (ыңғайлылығы, ұтымдылығы және басқа) талаптардың **бәрінен маңызды**. Бірақ жоғарыда қазақ тілінің қолданыстағы кирилл графикасындағы әліпби де және ресми ұсынылған латын графикасындағы **3** әліпби де қате екендігі дәлелденді, яғни олардың барлығы

қолдануға жарамайды. Сондықтан төменде қазақ тілінің латын графикасында жаңа жобасы ұсынылады.

Қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде **40** дыбыс бар, солардың ішінде қазақтың **28** төл және **12** кірме дыбысы бар.

Кірме дыбыстардың ішінде **2** дауысты **Ии** - (*и*), **Уу** - (*у*) және **5** дауыссыз **Вв** - (*вы*), **Фф** - (*фы*), **Хх** - (*хы*), **Цц** - (*цы*), **Чч** - (*чы*) дыбыстары адамның тегін, жер атын және халықаралық терминдерді жазғанда пайдаланып, қазақ тіліне етене еніп кетті. Мысалы, *Вагнер, вагон, вакуум, вектор, вето, викторина, вирус, вольт, Иванов, интернет, инвестор, институт, университет, универсам, факт, файл, физика, факультет, федерация, филармония, фонетика, Форд, формула, функцияғ, Хинчин, хлор, Хомский, Хонекер, Хорватия, хром, хроника, Цандер, Царев, цезий, Цезарь, Цейлон, цемент, цензура, центр, циклотрон, циклон, цилиндр, Циолковский, циркуль, Цой, цунами, Цхай, Цюрих, Чад, Чайковский, Чаплин, Чарджоу, Челюскин, Черногория, Чехия, Чикаго, Чили, Чита, Чкалов, Чуваш.*

Бұл дыбыстардың қазақ тіліне терең енгендігі соншама, тіпті қазақ тілін ана тілім дегендердің артикуляциялайтын (дыбыстайтын) сөйлеу органдары осыларға бейімделіп кетті. Осы кірме дыбыстардың барлығы жұрнақтар мен жалғаулардың құрамына кірмейді де, жаңа сөзжасамдарға және сөзпішіндерге қатыспайды. Сондықтан оларды қолданғаннан қазақ тілі зардап шекпейді, керісінше олар халықаралық терминдердің айтылуы мен жазылуын олардың түпнұсқада айтылуына және жазылуына жақындатуға көмектеседі.


Сонымен, жаңа реформаға қазақ тілінің **35** дыбысы қатысады:

- **9** дауысты фонема мен **2** дауысты аллофон (*а*) - [a], (*ә*) - [æ], (*е*) - [e], (*о*) - [o], (*ө*) - [ø], (*ұ, ұ*) - [u, u], (*ү*) - [y], (*ы*) - [ɣ], (*і, и*) - [i, i], мұнда аллофондар қызылмен боялған;

- **24** дауыссыз фонема (*бы*) - [b], (*вы*) - [v], (*ғы*) - [ɣ], (*гі*) - [g], (*ды*) - [d], (*кі*) - [k], (*қы*) - [q], (*жы*) - [ʒ], (*зы*) - [z], (*й*) - [j], (*ыл*) - [l], (*мы*) - [m], (*ны*) - [n], (*ың*) - [ŋ], (*пы*) - [p], (*ыр*) - [r], (*сы*) - [s], (*ты*) - [t], (*уа*) - [w], (*фы*) - [f], (*хы*) - [h], (*цы*) - [tʃ], (*чы*) - [tʃ], (*шы*) - [ʃ].

Базалық латын (ағылшын) әліпбиі **26** әрпіден тұрады, ал қазақ тілінде жеке таңбалатын **33** фонема бар. Бұл жағдайда қазақ тілінің латын графикасы негізінде әліпби құру үшін мыналарды ескеру қажет:

- компьютерлік эксперимент арқылы дауысты дыбыстардың арасында мынадай қатынастар (*а*)+(e) = (ə), (*о*)+(e) = (ø), (*ұ*)+(e) = (y) орнатылды, яғни:



– қазақ тілінің ешбір жай сөзінде (ae), (oe) немесе (ye) дауысты дыбыстар тіркесі кездеспейді.

Қазір дүние жүзінде шығарылатын барлық электрондық құрылғылар (компьютерлер, телефондар, роботтар және басқалар) базалық латын әліпбиін қолдайды, ал оған кірмеген диакритикалық таңбалар үшін олардың әрбір жаңа буынында қосымша жұмыс пен шығынды талап ететін арнайы шрифттер мен олардың драйверлерін және деректерді сұрыптау мен іздеу программаларын жасап отыру керек. Бұл компьютерлік техниканың буындары ауысқан сайын үзілмейтін көптеген еңбек жасауды және қаржыны талап етеді. Диакритикалық таңбасы бар әліпбиді ендіргенде барлық мектептердегі, жоғарғы оқу орындарындағы, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердегі, сонымен қатар барлық үйдегі компьютерлердің пернетақталарын ауыстыру керек болады.

Цифрлық ресурстардың көлемдері өте жылдам өсіп жатқандығын және әлемдік қауымдастықта ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қолдану аясы кеңейіп баратындығын ескере отырып, ғаламдық ақпараттық кеңістікте бір ғана 26 әріптік базалық латын әліпбиі пайдалану ұсынылып, ұлттық әліпби таңбаларын базалық латын әліпбине транслитерациялау стандарттары жаппай шығуда.

Сондықтан қазақ тілінің диакритикалық таңбалар негізінде жасалынған латын графикасындағы әліпбиі (3-ші жоба) біздің елде қазақ тілін және цифрлық технологияларды дамытпақ түгіл, оған мүлде кедергі жасап, еліміздің бәсекелестігін төмендетеді. Ал қазақ тілінің 26 әріптік базалық латын әліпбиі негізіндегі жаңа әліпбиі оның бәсекелестік қабылеттігін дамытады және қолдану аясын кеңейтеді, себебі әліпби ресми қабылданған күннен бастап қазақ тілін компьютерлік өңдеу (сөйлеу, машиналық аудару, машиналық оқыту, зор деректерді өңдеу және басқа) технологияларын іске асыру қосыла бастайды және дүние жүзіндегі кезкелген мемлекетте қазақ тілінде ешқандай қосымшасыз ақпараттық технологияларды жасап немесе қолдануға болады.

Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиі былай құрылуы керек:

1. Жіңішке дауысты (ə), (ɵ), (ү) дыбыстарын таңбалау үшін жуан

дауысты (а), (о), (ү) дыбыстарын таңбалайтын латынның Аа, Оо, Uu әрпілеріне латынның Ee әрпін тіркеу арқылы алынған Ae ae, Oe oe, Ue ue диграфтарымен немесе ` – *аксанти грав* таңбасын (пернетақтаның ағылшын жайылымында Ё пернесі) A` a`, O` o`, U` u` диграфтарымен сәйкес таңбаланады.

2. Дауыссыз (ғы), (жы), (ың), (чы) және (шы) дыбыстары оларға үндес (гі), (зы), (ың), (цы) и (сы) дыбыстарын таңбалайтын Gg, Zz, Nn, Cc, Ss әріптеріне Hh әрпін тіркеу арқылы алынған Gh gh, Zh zh, Nh nh, Ch ch, Sh sh диграфтармен сәйкес таңбаланады.

3. Қолданыстағы әліпбиде Ии әрпімен таңбаланған орыс тілінен енген дауысты (u) дыбысы кірме сөздерде кездеседі және оларды айтқанда бұл дыбыс қазақтың төл дауысты фонемасы (i) сияқты дыбысталады. Сондықтан, егер (u) дыбысын (i) фонемасының аллофоны деп қабылдасақ, оларды бір Іі латын әрпімен таңбалауға болады. Бұл қазақ тілінің орфографиясында қайшылық тудырмайды және кірме сөздердің латынша жазуын олардың түпнұсқаларына жақындатады, мысалы, *интернет (интернет) = internet*, *инвестор (инвестор) = investor*, *институт (институт) = institut*, *депозит (депозит) = deposit*, мұнда дөңгелек жақшада сөздің дыбысталуы берілген.

4. Егер сөзде дауысты дыбыс (u) дауыссыз дыбыстан кейін тікелеу кездесе, онда латын әліпбиіндегі жазуда ол буынның жіңішкелігіне немесе жуандығына қарай дауыссыз (ü) дыбысы жіңішке дауысты (i) дыбысын таңбалайтын Іі әрпіне немесе жуан дауысты (y) дыбысын таңбалайтын Yy әрпіне тіркесі арқылы алынған тізбеге ауыстырылады. Сонда орфографиялық қайшылықтар болмайды: «*би = бii*», «*ми = мii*», «*киік = кiiік*», «*қиық = қiiық*», «*тиін = тiiін*», «*тиын = тiiын*».

5. Қолданыстағы әліпбиде Уу әрпімен белгіленген орыс тілінің дауысты дыбысы (y) кірме сөздерде кездеседі және оларды айтқанда бұл дыбыс қазақтың төл дауысты фонемасы (y) сияқты дыбысталады. Сондықтан, егер орыс тілінің дауысты (y) дыбысын қазақтың дауысты (y) фонемасының аллофоны деп қабылдасақ, онда оларды латынның Uu әрпімен таңбалауға болады. Бұл қазақ тілінің орфографиясында қайшылық тудырмайды және кірме сөздердің латынша жазуын олардың түпнұсқаларына жақындатады. Мысалы, «*универсам (ұниверсам) = universam*», «*университет (ұниверситет) = universitet*», «*формула (формұла) = formula*».

6. Қазақ тілінде қолданыстағы әліпбиде таңбаланбаған дауыссыз дыбысы (ya) бар екендігін ескеру керек, ол қазақ тілінің акустикалық коррусын компьютерлік зерттегенде анықталды. Бұл дыбыс орыс тілінде жоқ, бірақ ол ағылшын тілінде бар және халықаралық фонетикалық әліпбиде [w] болып таңбаланады. Сондықтан Ww латын әрпімен қолданыстағы кирилл әліпбиінде таңбаланбаған қазақтың дауыссыз (ya) дыбысын таңбалау керек.

7. Егер сөзде дауысты дыбыстан кейін орыс тілінен енген дауысты (y) дыбысы тікелей кездесе, онда латын әліпбиіндегі жазуда ол қазақтың дауыссыз (ya) дыбысына ауыстырылады. Мысалы, *алау = alaw*, *ауа = awa*, *тау = taw*.

8. Егер сөзде дауыссыз дыбыстан кейін орыс тілінен енген дауысты (y) дыбысы тікелей кездесе, онда латын әліпбиіндегі жазуда ол буынның жуандығына немесе жіңішкелігіне қарай дауыссыз (ya) дыбысын таңбалайтын **Ww** әрпі үндес жуан дауысты (ɣ) дыбысын таңбалайтын **Uu** әрпіне немесе жіңішке дауысты (y) дыбысын таңбалайтын **Ue ue** немесе **U` u`** диграфына тіркеу арқылы алынған тізбеге ауыстырылады. Бұл орфографиялық қайшылықтардан құтылтатын және буынға дұрыс бөлуді қамтамасыз етеді. Мысалы, **бу = buw**, **гу = guew | gu`w**, **ну = nuw**, **су = suw**, **ту = tuw**.

1-кестедегі жаңа әліпбиде әрпітердің өзара орналасу реті базалық латын әліпбиіндегі әрпітердің өзара орналасу ретімен бірдей. Бұл қазақ тілінде ақпараттық ресурстар мен технологияларды дайындағанда немесе қолданғанда қосымша шығынсыз деректерді сұрыптау мен іздеу программаларын пайдалануға мүмкіндік береді. Себебі, базалық латын әліпбиі үшін деректерді сұрыптау мен іздеу алгоритмдері барлық жүйелік және қолданбалы программаларда жүзеге асырылып қойған.

**1-кесте. Қазақ тілінің диграфтар арқылы құрылған әліпбиі.**

№	Дыбыс атауы	ХФӘ	Кирилл Әрпі	Латын әрпі	Түсіндірме
1	(а)	[ɑ]	А а	A a	
2	(бы)	[b]	Б б	B b	
3	(сы)	[tc]	Ц ц	C c	Қазақ тіліне кірме дыбыс
4	(ды)	[d]	Д д	D d	
5	(е)	[e]	Е е	E e	
6	(фы)	[f]	Ф ф	F f	
7	(гі)	[g]	Г г	G g	
8				H h	Диграфтың сынары
9	(і), (и)	[ɪ, i]	І і, И и	I i	(і) – фонема, (и) – аллофон
10	(й)	[j]	Й й	J j	Дауыссыз фонема
11	(кі)	[k]	К к	K k	
12	(ыл)	[l]	Л л	L l	
13	(мы)	[m]	М м	M m	
14	(ны)	[n]	Н н	N n	
15	(о)	[ɔ]	О о	O o	
16	(пы)	[p]	П п	P p	
17	(қы)	[q]	Қ қ	Q q	
18	(ры)	[r]	Р р	R r	
19	(сы)	[s]	С с	S s	
20	(ты)	[t]	Т т	T t	
21	(ұ), (у)	[ʊ, u]	Ұ ұ, У у	U u	(ұ) – фонема, (у) – аллофон
22	(вы)	[v]	В в	V v	

23	(ya)	[w]		W w	Дауыссыз фонема
24	(хы),	[x, h]	Xx, hh	X x	(хы) – фонема, (xi) – аллофон
25	(ы)	[ɣ]	(ы)	Y y	
26	(зы)	[z]	(з)	Z z	
27	(ә)	[æ]	Ә ә	Ae ae	saebiz
				A` a`	sa`biz
28	(ө)	[ø]	Ө ө	Oe oe	oemir
				O` o`	o`mir
29	(ү)	[ʏ]	Ү ү	Ue ue	uemit
				U` u`	u`mit
30	(чы)	[tʃ]	Ч ч	Ch ch	chip
31	(ғы)	[ɣ]	Ғ ғ	Gh gh	ghalym
32	(ың)	[ŋ]	Ң ң	Nh nh	kuenhgi
33	(шы)	[ʃ]	Ш ш	Sh sh	shar
34	(жы)	[ʒ]	Ж ж	Zh zh	Zhanga

Моб. +7 747 777 1652, E-mail: sharalt@mail.ru